

Бюджеттің әр тиыны депутаттар назарында  
3-бет



Мектеп құрылысы жанданды, дегенмен...  
4-бет



Ағыбайдың анасы ардақталды  
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz

БЕЙСЕНБІ, 15 ТАМЫЗ, 2024 ЖЫЛ №91 (23 413)

www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

## • ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

# «Ең басты міндет – Qarmet-тің байырғы даңқын қайтару»

Еліміздің индустриалдық жүрегі, өндірісті тірегіне айналған Қарағанды аймағында кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен болды. Президент сапары барысында өңірдің бірқатар өндіріс орындарын, іргелі кәсіпорындарының жұмыс үрдісін көрді. Бұдан бөлек, әлеуметтік нысандар да Президент назарына ұсынылды.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы сапарын Теміртау қаласынан бастады. Онда Қасым-Жомарт Тоқаев алып өндіріс «Qarmet» металлургиялық комбинатына барды. Тарихи терең комбинатты аралап көрген Президент №3 домна пешінің жұмысымен танысты. Мұнда жылына 3,8 миллион тонна шойын өндіріледі.

«Qarmet» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лаврентьев пен кәсіпорынның бас директоры Вадим Басин өндірісті дамыту үшін атқарылған және жүзеге асырылып жатқан жобалар жөнінде баяндады. Бұл мақсатқа 3,5 миллиард доллардан астам қаржы қарастырылған.

Бұдан бөлек 500 миллион доллар шамасында Көмір департаментіндегі және 978 миллион доллар көлемінде Темір рудасы департаментіндегі жобаларға қосымша инвестиция құю жоспарланған. Кәсіпорын ғимараттар мен нысандарға ауқымды жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Биылғы жаңғырту бағдарламасына 100-ден астам нысан енген. 50 мың шаршы метр шатыр ауыстырылуда.

Сонымен қатар, бұған дейін қабылданған «Тазалық» бағдарламасына сәйкес 120 санитариялық-тұрмыстық ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізіле бастады.

Мемлекет басшысына сляб пен блум шығаратын №2 конверторлық цех пен металл әзірлемелерін үздіксіз құю машинасының жұмысы таныстырылды.



Кәсіпорын басшылығы бүгінде мекеменің техникалық жағдайын бабында ұстап тұру, жөндеу жүйесін, сондай-ақ, кристалдандырығыш айналым жүйелері мен барлық машина сегменттерін жетілдіру басты міндет екенін атап өтті. Келесі жылы басқару және гидравлика жүйелерін жаңғырту жұмыстары атқарылақ.

Андрей Лаврентьевтің айтуынша, іске асырылып жатқан жобалар комбинат жұмысын тұрақтандырып, компанияның «5-9-5» бағдарламасының орындалуына болжам жасауға мүмкіндік береді.

Қабылданған стратегияға сәйкес кәсіпорын 2028 жылға қарай жылына 5 миллион тонна болат шығаруды, 9 миллион тонна көмір және 5 миллион тон-

на темір рудасы концентратын өндіруді жоспарлап отыр. Бұл 2023 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда орта есеппен 66 пайыз өсімді қамтамасыз етеді.

Мемлекет басшысы комбинатты табиғи газға көшіру маңызды шешім екенін атап өтті. Бұл бастапқы кезеңде қоршаған ортаға келетін зиянды 30 пайызға төмендетуге мүмкіндік береді. Биыл күзде Теміртау қаласында экологиялық таза көлік түрі – трамвай желісі қалпына келтіріледі.

Президент өнеркәсіп қауіпсіздігі, өндірістің тиімділігін арттыру және жаңғырту, аймақтың экологиялық ахуалын жақсарту бағытында жүзеге асырылып жатқан жобалардың мерзімі мен жоғары сапа стандарттарын қатаң сақтау қажет екеніне баса назар аударып, бірқатар нақты тапсырма берді.

Біз отандық инвесторды шақыру арқылы дұрыс шешім қабылдадық. Олар бірден іске кірісті. Комбинаттағы жағдай бұрынғымен салыстырғанда айтарлықтай жақсарған. Бірақ мұнымен шектелуге болмайды. Ең басты міндет – «Qarmet» кәсіпорының баяғы даңқын қайтарып, әлеуметтік мәселелерді шешуге баса мән беру. Бұл бағыттағы жұмыс басталып кетті. Одан хабардармын. Мен комбинатқа жыл сайын келіп, оның даму барысымен танысып тұрамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

► 2-бет

## • РЕСМИ

# Мемлекет меншігіне берілді

Облыс аумағындағы пайдаланылмай бос жатқан жерлер мемлекеттік меншікке қайтарылды. Бұл бағыттағы жұмыстар бұған дейін де үнемі Үкімет назарында болған. Алдағы уақытта да жалғасары сөзсіз.

Нақтырақ айтсақ, Бұқар жырау ауданында жалпы ауданы 12 049 гектар болатын 15 жер учаскесі ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаған.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 92-бабына сәйкес ведомство компанияға Қазақстан Республикасы Жер заңнамасының талаптарын бұзған жағдайларды бір жыл мерзімде жою туралы нұсқама бергенін атап өткен жөн.

Нұсқаманың орындалмауына байланысты сотқа учаскелерді мәжбүрлеп алып қою туралы талап қойылды. Қарағанды облысының Мамайдандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 3 шілдедегі шешімімен департаменттің талап-арызы қанағаттандырылып, сот шешімі заңды күшіне енді.

Өз тілшімізден

## • ӘЛЕУМЕТ

# Тұрғындар алысқа сабылмайды

Биыл Бұқар жырау ауданына қарасты Самарқан ауылында жаңа амбулатория ашу жоспарлануда. Тұрғындар амбулаторияның ашылуымен қатар ауылға білікті мамандардың келуінен үмітті.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Екі жыл бұрын Самарқан ауылындағы амбулатория өртенген болатын. Жергілікті билік дәрігерлерді медициналық пункттен жабдықтап, көрші үйге көшірген. Бөлме саны аз болғандықтан, дәрігерлерге мұндай жағдайда жұмыс істеу мүмкін болмады. Жаңа амбулаторияға қажеттілік туындады.

Самарқан ауылдық округінің әкімі Жасұлан Көшектеңің айтуынша, құрылыс жұмысы толық бақылауда.

Қазіргі уақытта емхананың іргетасы қаланып, қабырғалар тұрғызылды. Көріз жүйесі орнатылды. Электр құрылғылары тартылды. Медициналық нысанды құрылыс жұмыстары аяқталған соң, толық жабдықтаймыз. Білікті дәрігерлер келеді деп сенеміз, – дейді Самарқан ауылдық округінің әкімі.

Ауылда бүгінде 1100 адам тұрады. Олар өздеріне медициналық тексеруден өту қажет болғанда аудан орталығына жүздеген шақырым жол жүруге мәжбүр. Бұл қызметтерді тұтыну жақын арада жаңа амбулаторияда мүмкін болмақ.

Жаңа амбулатория арқылы халықтың денсаулығы үшін барлық қызметтер аясын кеңейтетін боламыз. Жұмыстарды жаңа амбулатория ғимаратында кеңейтілген түрде жүргіземіз, – дейді медбике Жұмагүл Өлкеева.

Айта кеткен жөн, «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында облыста 90-нан астам нысан салу жоспарлануда. Алдағы жылдары өңірде 47 медициналық пункт, 34 фельдшерлік-акушерлік пункт және 11 дәрігерлік амбулатория ашылмақ.

Тұрғындар үшін жаңа кабинеттерге талдаулар тапсырып, күндізгі стационарларда емделіп, кейбір қосымша процедураларды алуға мүмкіндік туады.

► 5-бет

## • «ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ»

# Қаржылық сауаттылық қарыздан құтқарады

Қазіргі күн әр істе сауаттылықты қатаң талап етеді. Сауаттылық дегенде, әліпті таяқ деп тану емес. Бұл – құқықтық, қаржылық, мәдени, рухани, іскерлік, тағысын-тағы сынды сауаттылық. Бұл күні жұрт несиеге балап алған. Соңында соған шырмауықша шырмалады. Ондайлар Қазақстанда миллиондап саналады. Қарыздың шығалаңынан шыға алмай жүргендердің банкке берешегі – бірнеше триллион (Қазақстан бойынша) теңге. Дәлірек айтсақ, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 1 шілдеде жария еткен дерегіне, қазақстандықтардың мойнында 18 трлн теңге несие бар. Оның бәрі сауатты алынған несие деуге мүлде келмейді. Мойындауға тиіспіз, қоғам қаржылық тұрғыда тап қазір су қараңғы, сауатсыз. Сол сауатсыздық осындай қалың сор боп тұр. Бір айда табан тозып тапқан жалақыдан банктегі несие бірнеше есе көптігі – соның айғағы. Мұны «сауаттылық» деуге сия ма?! Екіге екі қосса, төрт болатынын, одан басқа математика заңдылығы жоқтығын жұртшылық қашан түсінері тағы да белгісіз...

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

## Несие алу азаяр емес

Несие алу жыл өткен сайын өсіп келеді. Агенттіктің мәлімдеуінше, тұрғындардың тұтыну қарызы 1,7 пайызға өсіп, ол 11,3 трлн теңгеге жеткен. Сонымен бірге, ипотекалық несиеде өсім бар. Оның өсімі 0,5 пайыз көлемінде көрінеді. Ондағы сома – 5,5 трлн теңге. Не десек те, тұрғындардың тұтынушылық қарызы ипотекалық қарызынан екі есеге көптігін көреміз. Ал, тоқсан күннен асқан қарызы

бар борышкерлердің берешегі – 1 трлн теңге. Жалпы, 8,5 млн қазақстандықтың мойнында несиесі бар. Экономикалық бәсеңді, жұмысқа қабілетті отандастарымыз 9,5 млн тұрғын екенін ескерсек, онда әр қазақстандықтың басына 1,5 млн теңге несиеден келеді екен.

Агенттік дерегіне, былтыр 14 трлннан астам теңге қарыз болса, оның алдындағы жылы 10 трлн теңге шамасы. Биыл алты айдағы берешек 18 трлн теңге. Неге? Халық байып кетті ме? Өлде банктер «тегің» таратып жатыр ма? Бұл арада мәселе – қаржылық сауаттылыққа



барып тұйықталады.

Сонымен, құзырлы орындар қазақстандықтардың үш мақсатта несие алатынын растайды. Біріншісі – тұтынушылық, екіншісі – ипотека, үшіншісі – өзге де ұсақ несиелер. Яғни, 18 трлн теңгенің тек 5 жарым трлн-ы ғана ипотекалық, қалған 10,3 трлн теңге – тұтынушылық, 2,5 трлн теңге – «басқа» қарыздар екенін айтады. Экономистер бұл арада тиімдісі ипотека екенін жеткізеді.

Ипотекада адам жылжымайтын мүлік алып, оны ұзақ жылдар пайдаланады. Ал, тұтынушылық пен басқа да несиелерге алынған заттардың қолданылу мерзімі кем. Үстіндегі үстеме төлемі – бірнеше есе. Несиеге мыңдаған теңгеге алған бір бұйым сол қаражатқа лайық па? Жоқ па? Енді ойланп көріңіз. Дегенмен, несиеден бас тартқандар шамалы.

► 5-бет



# «Ең басты міндет – Qarmet-тің байырғы даңқын қайтару»

(Соңы. Басы 1-бетте.)

Қазіргі кезде «Qarmet» акционерлік қоғамында 34 мыңнан астам жұмысшы еңбек етеді. Металлургиялық комбинаттың өндірістік қуаты жылына 5,3 миллион тонна болат өндіруге жетеді. Былтыр кәсіпорын 2,9 миллион тонна дайын өнім шығарған. Оның 2,1 миллион тоннасы Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Грузия, Әзербайжан және Ауғанстан елдеріне экспортталды.

Бұдан соң Мемлекет басшысы «Qarmet» Креативті технологиялар орталығын аралап көрді. Аталған орталық металлургтер қаласының белсенді әрі шығармашыл жастарының басын қосатын орынға айналды.

Президентке «Qarmet» акционерлік қоғамының профильдігі емес активтерді басқару жөніндегі директоры Алмас Сиранов Орталықта роботты техника, автомобильде, ұшқышсыз басқарылатын дрондар секциялары, бағдарламау, блогерлер, журналистика, документалистика мектептері, подкаст студиясы және басқа да шығармашылық бағыттағы үйірмелер ашылғанын жеткізді.

Оның айтуынша, Орталық тек металлургиялық комбинаттың ғана емес, Теміртау қаласының көрнекті нысанына айналады. Мұнда жастар кәсіби бағдар алып, өздерінің инженерлік дағдыларын шыңдайды.

Президент кәсіпорын жұмысшыларымен және ардагерлерімен, сондай-ақ, кәсіподақ өкілдерімен әңгімелесу барысында еңбек адамы ең жоғары құрметке лайық екенін атап өтті.

Бұл ретте мемлекет тарапынан олардың әл-ауқатын жақсарту үшін барлық жағдай жасалып жатқанын жеткізді.

Президент «Qarmet» акционерлік қоғамының диспетчерлік-талдау орталығын да аралады. Компанияның бас директоры Вадим Басин Қасым-Жомарт Тоқаевқа көмір өндірісі бөлімшесін дамыту жөнінде баяндады. Атап айтқанда, былтыр көмір тек 3 шахтадан өндірілсе, енді Президент тапсырмасына сай қысқа мерзім ішінде барлық 8 шахтадағы жұмыс қалпына келтірілді. Өндірістік қауіпсіздікті күшейту үшін ауқымды жұмыстар қолға алынды.

Президент шахтерлердің өндірістегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында қабылданған тың шаралармен танысты. Диспетчерлер нақты уақыт режимінде барлық шахтадағы ахуалды бақылап, газ деңгейіне талдау жүргізе алады. Бұдан бөлек кеншілердің жұмысын үйлестіріп, олармен бейнебайланыс орнатады. Сонымен қатар, орталықта жүйедегі қауіпсіздік бақыланып, өндірістік көрсеткіштер мен процестердің орындалу барысына мониторинг жүргізіледі. 2025 жылдың соңына дейін барлық 8 шахтадағы кеншілердің жүрген жері мен денсаулық жағдайын нақты анықтайтын қондырғы жүйесі орнатылады.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы «Саран» шахтасында, 620 метр тереңдікте жұмыс істеп



жатқан кеншілермен бейнебайланыс арқылы сөйлесті. Кәсіпорын жұмысшыларды жаңа алағрпһоһе құрылғысымен жабдықтаған. Қорғаныс деңгейі аса жоғары гаджетте қызметкермен жедел байланысуға арналған смартфон функциясы бар.

Қасым-Жомарт Тоқаев кеншілерге жанкешті жұмысы үшін алғыс айтып, шахтерлердің қызметінде еңбек қауіпсіздігін сақтау маңызды екеніне назар аударды.

Президент кәсіпорын жұмысшыларымен және ардагерлерімен, сондай-ақ, кәсіподақ өкілдерімен әңгімелесті. Өз кезегінде сөз алған комбинат ардагерлері жаңа инвестор келгелі орын алған өзгерістерге тоқталды. Соның ішінде, Президент сапарының алғашқы болағ алудың 80 жылдық мерейлі жылымен тұспа-тұс келгенін де ерекше атады. Ал, комбинатты отандық инвесторға беру туралы шешімнің комбинаттың байырғы атақ-даңқын, дәрежесін қалпына келтіруге ықпал ететінін де жеткізді. Инвестор ауысқан жарты жылда жағдай тұрақталғанын баяндады. Дегенмен, алда әлі де көп іс күтіп тұрғанын да жасырмады. Сөз алған жас мамандар да комбинатта әулетпен еңбек ету үрдісі қалыптасқанын атап өтті.

Мемлекет басшысының сапары «Кәусар» оқушылар сарайында жалғасты. Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды қаласының Пришахтинск бөлігінде таяуда ғана ашылған «Кәусар» оқушылар сарайының қызметін арнайы барып көрді.

Мемлекет басшысына мұндағы 13 үйірме мен секцияға 1600 бала қатысатыны жайында мәлімет берілді. Оқушылар игілігі үшін орталықта HI-TECH цех, шығармашылық шеберхана, хореография залы, ART-студия, дыбыс жазу, телевидение және фото студиялары, VR-архитектура және WEB-дизайн кабинеттері, Intellectum-студия, Интернет зағтары кабинеті, роботты техника және техникалық шығармашылық зертханасы, STEM-зертхана, музыкалық студия, экологиялық орталық, спорт және ойын алаңдары ашылған.

Жалпы ауданы 3,3 мың шаршы метр болатын ғимарат сапалы қо-



сымша білім алуға қажетті құралдармен толықтай жабдықталған.

Мемлекет басшысы жас ұрпақтың шығармашылық және креативті дамуының мәні зор екеніне назар аударды. Сондай-ақ, қоршаған ортаны қорғауға, соның ішінде, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын өткізуге баса мән беретінін атап өтті. Президент оқушыларды осы маңызды бастамаға белсенді түрде атсалысуға шақырды.

Содан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Саран қаласында тұрмыстық және электр техникасын шығаратын Silk Road Electronics кәсіпорнына барды. Жалпы, ауданы 61 мың шаршы метрден астам өндіріс бұрынғы «Қарағандырезинатехника» зауытының аумағында орналасқан. Жобаның құны – 25 миллиард теңге.

Президентке «Meridian Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің техникалық дирек-

торы Александр Критский кәсіпорындағы өндіріс процесі туралы айтты.

Зауыт жыл басынан бері тұрмыстық техника шығарып, оны еліміздің электроника бұйымдарын сататын сауда желілеріне жеткізеді. Бүгінге дейін кәсіпорында 97 мың тұрмыстық техника өндірілген. Компания 2027 жылға қарай толық өндірістік қуатына көшіп, 1,1 миллион тұрмыстық техника шығаруды және өз өнімін ТМД елдеріне экспорттауды жоспарлап отыр.

Samsung Electronics Central Eurasia компаниясының басқарма төрағасы Минки Чу аталған өндіріс алаңында Samsung брендімен теледидар және автоматты кір жуу машинасын шығару көзделіп отырғанын жеткізді.

Президентке қазіргі таңда зауытта Қарағанды, Саран, Шахтинск және Абай қалаларының 232 тұрғыны жұмысқа орналастырылғаны туралы мәлімет берілді. Зауыттың өндірістік қуаты толығымен іске қосылған кезде жұмысшылар саны 1200 адамға дейін ұлғаяды.

Қарағанды облысына жұмыс сапары аясында Қасым-Жомарт Тоқаев Саран қаласындағы көлік дөңгелектерін шығаратын KamaTyresKZ зауытын аралап көрді. Президентке кәсіпорынның өндіріс шығы мен даму перспективасы таныстырылды.

Мемлекет басшысына «Татнефть» ЖАҚ Бас директоры Наиль Маганов пен KamaTyresKZ зауытының директоры Радий Бурганов құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталып, технологиялық құрал-жабдықтар толықтай жеткізілгенін айтты. 234 миллиард теңге көлемінде инвестиция са-

технологиялық құрылғы орнатылған.

Зауыт 2027 жылға қарай 3,5 миллион дөңгелек шығарады деп жоспарланып отыр. Қазіргі кезде кәсіпорында 590 жұмысшы еңбек етіп жатыр. Келешекте қызметкерлер саны 1125 адамға дейін көбейеді. Өндіріс жұмысшылары «Татнефть» компаниялар тобының дөңгелек шығаратын кәсіпорындарында оқу-тәжірибеден өткен.

Зауыт өнімі Attar брендімен танылады және халықаралық стандарттарға сай сертификат иеленген. Отандық дөңгелектер шілде айынан Қазақстан мен шет мемлекеттердің нарығында сатыла бастады. Биыл елімізде құрастырылатын JAC маркалы автомобильдер конвейерден Attar дөңгелектерімен шығады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Шахтер ауылындағы әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ауылдағы дене шынықтыру-сауықтыру кешені таныстырылды. Мұнда волейбол, баскетбол, футбол, үстел теннисі, қазақ күресі секциялары және жаттығу залы бар. Кешенде Мұзбел, Егінді және Байтуған ауылдарының балалары да спортпен шұғылданады.

Президент жүзу бассейнін және жақында жөндеуден өткен жергілікті Мәдениет үйін аралап көрді. Қасым-Жомарт Тоқаев «Шахтерское» ЖШС директоры Георгий Прокоп бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында түрлі жобаларды жүзеге асыруға үлес қосқанын атап өтті. Сондай-ақ, оның ауданда спортты, мәдениетті және өнерді дамытуға қолдау көрсетіп келе жатқанын айтты.

Мемлекет басшысы Шахтер ауылының Үрмелі аспаптар халық оркестрінің ұжымымен әңгімелесіп, оларға шығармашылық табыс тіледі. Президент өңірлерде спорт және мәдениет жобаларын іске асыру маңызды екеніне назар аударды.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев Нұра ауданы Шахтер ауылының еңбеккерлерімен әңгімелесті. «Шахтерское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Георгий Прокоп ауыл шаруашылығы кәсіпорнында 245 жергілікті тұрғын жұмыс істейтінін айтты. Шаруашылық негізінен дөңді және майлы дақылдар, сондай-ақ, картоп егумен айналысады. Директордың айтуынша, агробизнесінің техникалық паркінде John Deere, Buhler, CLASS, Lovol, Valtra, PCM, Acros маркалы заманауи шынжыр табанды және дөңгелекті тракторлар, астық жинайтын комбайндар бар. Бүгінде шаруалар егін жинау науқанына сақдай сай.

Президентке жергілікті тұрғындар ауылда жұмыс істеуге және өмір сүруге қолайлы жағдай жасалғанын жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет ауылды дамытуға және шаруаларды қолдауға айрықша мән беретінін атап өтті.

Суреттер akorda.kz сайтынан



• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТА

# Бюджеттің әр тиыны депутаттар назарында

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бөлінген бюджет қаражатын жоспарлау және пайдалану тиімділігінің мемлекеттік аудитінің қорытындылары бойынша Қарағанды облысы тексеру комиссиясының кезекті жұмыс жиыны өтті.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы Дана Мұхамеджанова тізгіндеген маңызды басқосу барысында мемлекеттік аудит нысандарына облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы, «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы, облыс бойынша аграрлық кредиттік корпорациясы, мемлекеттік кірістер департаменті, облыстық ветеринария басқармасы іліккенін хабарлай келе, баяндамашы, комиссия мүшесі Гүлмира Төленоваға сөз кезегін ұсынды.

Бүгінде облыста жұмыс істеп тұрған 10 325 ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер, 9 304 шаруа және фермер қожалығы, 900 заңды тұлға және 163 жеке кәсіпкер бар. Осы жылдың бірінші жартыжылдығында ауыл шаруашылығының жалпы өнімін өндіру көлемі 87,6 млрд. теңгені құрады, яғни, бұл – ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің нақты көлемінің индексі – 100,6%. Осы жарты жылда ет өндіру көлемі 41,5 мың тонна, сүт – 100,4 мың тонна, жұмыртқа – 321,4 млн. дана құрады. Нәтижесінде ірі қара мал саны – 2,3%-ға, жылқы – 11,1%-ға, қой мен ешкі – 2,1%-ға, шошқа – 2,2%-ға, құс басы 10,5%-ға азайған. Биыл жаздық егіс алқабы өткен жылғы деңгеймен салыстырғанда 15,2 мың гектарға ұлғайтылып, 1 млн. 95 мың гектарға дейін жеткізілген. Дәнді дақылдар алқабы 909,9 мың гектарды, майлы дақылдар 34,9 мың гектарды, картоп 15,4 мың гектарды, көкөністер 2,0 мың гектарды, жемшөп 77,5 мың гектарды құрады. Айналымға 4,5 мың гектарға суармалы жер енгізіледі. Олардың жалпы ауданы 34,8 мың гектарға құрайды деп жоспарлануда. Дифференциалдау жоспарына сәйкес дәнді дақылдарды жинау алаңы 909,3 мың гектарды құрайды деп күтілуде, оның ішінде, бидай – 766,6 мың гектарға, арпа – 129,9 мың



касындағы ең төмен көрсеткіштердің бірі болып қала береді. Аудит қорытындылары айғақтағандай, жалпы өнім шығару көлемін төмендетуге көрсетілген сыртқы факторлармен қатар, кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықтардың көпшілігі жүйелі сипатқа ие көрінеді. Негізгі себептеріне үйілгенде мемлекеттік аудит объектілерінің ішкі қызметін қатаң, жүйелі бақылаудың болмауы, қызметкерлердің өз міндеттерін тиісінше орындамауы, интеграцияның бәсеңдігі, жекелеген жағдайларда уәкілетті органдармен өзара іс-қимылдың сылбырлығы сынды жайттар төбе көрсеткен. Қорытындысында мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру және инвестициялық салымдарды ұлғайту өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы салаларын қоса алғанда, өңірдің ауыл шаруашылығының үдемелі дамуын лайықты деңгейде қамтамасыз ете алмаған. Сондай-ақ, 2021-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі ұлттық жобадан белгіленген міндеттерді тиісінше орындауға ықпал пәрмені айқын аңғарылмаған. Инвестициялық субсидиялауды талдау экономикалық кірістің төмендегенін көрсетті. Мәселен, былтыр өсімдік шаруашылығының жалпы өнімінің және негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігінің

шылығы тауарын өндірушілерге бекітілген 64,7 мың гектар суармалы жерлердің 30,3 мың гектары нақты мақсатына қарай пайдаланылып келеді. «Ирригациялық желілерді жаңғырту және реконструкциялау» республикалық жобасын іске асыру үшін қарыз қаражатын тарту бойынша шешілмеген мәселелерден туындаған заманауи ылғал үнемдеу технологияларын енгізу бойынша жұмыстардың баяу қарқыны, ауыл шаруашылығы мен азық-түлік өндірісіндегі төмен инвестициялық белсенділік, атап айтқанда, жағымсыз сыртқы факторлармен, жоғары тәуекелдермен (табиғи апаттарды қоса алғанда, құрғақшылық, су тасқыны), энергия көздеріне бағаның жоғарылауымен байланысты. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, атап айтқанда мал шаруашылығы өнімі көлемінің 2022 жылы 18,2%-ға, 2023 жылы өсімдік шаруашылығы өнімінің 21,5%-ға төмендеуіне, сондай-ақ, ауыл шаруашылығы саласындағы еңбек өнімділігінің төмен болуына байланысты өңірдегі АОК субъектілерін қолдауды мемлекеттік шараларынан тиімсіз қайтарым. Онымен бірге, өнімділікті арттырудың негізгі кедергілері климаттық жағдайларға тәуелділік, топырақтың құнарлылығының төмендігі және егін жинаудың құбылмалы деңгейіне және алынған кірістердің

көңіл бөлуі туралы бірқатар келелі ұсыныстарын да ортаға салды. Мәселен, депутат Ермек Әбділин ауылда жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және жана жұмыс орындарын ашу, мал шаруашылығын дамытуға және тұқым шаруашылығын жүргізуге берілген субсидиялар есебінен ауылдық елді мекендердің салық салына-тын базасын кеңейту қажеттілігі туралы өзекті түйткілердің бар екендігін тағы сұйырмды. Ермек Әбділин көтерген тағы бір мәселе экономиканың осы маңызды секторын дамыту жөніндегі мемлекеттік тәсілдерді өзгерту қажеттілігіне қатысты болды.

Субсидиялардың едәуір бөлігін ірі мал шаруашылығы өнімдерін өндірушілер алады. Субсидия алушылар аясын кеңейту қажет. Нақтысына келсек, шағын өндірушілер де мемлекеттік қолдаудың барлық тетіктеріне қол жеткізе алуы тиіс, – деп атап өтті Ермек Төлеуұлы.

Ал, депутат Жан Серікұлы бюджет қаражатын ұтымды пайдалану қажеттілігі туралы айта келе, ауыл шаруашылығы басқармасының назарын бюджеттік жоспарлау сапасына аударды. Бұған дейін облыстық мәслихаттың кезектен тыс XVII сессиясының шешімімен ауыл шаруашылығы басқармасы минералды тыңайтқыштарды субсидиялау бойынша қосымша қажеттілікті жабуға ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің талап етпеген қаражатын қайта бөлген. Бюджетті нақтылаудың себебі фермерлер тарапынан асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту субсидиялауға өтінімдердің болмауы болды. Депутат Жан Серікұлы атап өткендей, мемлекеттік қолдау алатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің бюджет қаражатын мақсатты пайдалануына мониторинг жүргізу және бақылау мәселелеріне көп көңіл бөлу қажет.

Облыстық мәслихат депутаты Ермек Әбділин мұндай жайттың барлығы айналып келгенде құзыретті органдардың мәселені бір-біріне допша сілтген салғырттығынан туындайтынын тілге тиегі.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағытында өзгеріске бет алғандығын бәріміз іштей түсінгенімізбен, жауапкершілікті сезінбей жатамыз. Көрсеткіш көңілден шықпа-са, оны көрсетіп, керекті индикаторды кестеден сызып тастау сынды қарапайым қағидаларды ескере бермейміз. Инновация игілікке бастайды. Облыстың агроөнеркәсіптік кешені айтарлықтай әлеуетке ие. Қазіргі сын-тегеуріндерге қарамастан, өңірде өндіріс көлемін ұлғайту және өнім сапасын арттыру мүмкіндіктері жоқ емес, бар. Мемлекеттің, бизнестің және ғылыми қоғамдастықтың үйлестірілген күш-жігері Қарағанды облысын Қазақстанның негізгі агроөнеркәсіптік орталықтарының біріне айналдыруға ықпал ете алады, – деген басалқы сөз айтты.

Тексеру комиссиясы жүргізген аудит нәтижесі шеңберінде уәкілетті органдарға тиісті тапсырмалар мен ұсыныстармен аудиторлық қорытынды енгізілді. Жұмыс жиыны аяқталғаннан кейін депутаттық корпус мемлекеттік органдарға заңнамалық деңгейде шешуді талап ететін агроөнеркәсіп саласын дамыту бойынша түйткілдер мен ұсыныстарға бастамашылық жасауды тапсырды. Депутаттардың ауыл шаруашылығын дамыту мәселелерін, оның ішінде, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияның жұмысы туралы сауалдарды одан әрі қарауы облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларында жалғастырылатын болады.

Жины соңында облыс бойынша тексеру комиссиясының төрағасы Дана Мұхамеджанова қатысушыларға алғаусыз алғысын жеткізіп, құзыретті мекемелерге тиісті ұсыныстармен жолданып, қажетті шешімдер шығарылатынын мәлімдеді.

Суреттер облыстық мәслихаттың баспасөз қызметінен алынды

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

## TEN QOGAM-нан көмек ал

Металлургия қаласында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған TEN QOGAM сервистік орталығы пайдалануға берілді. Орталық жұмысқа орналасуға, әлеуметтік бейімделуге көмек алуға мүмкіндік береді.

Сервистік орталық «Бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейді. Қажет болған жағдайда көмек сұрап келушілерге құқықтық және психологиялық қолдау да көрсетіледі. Сонымен қатар, мұндағы мамандар құжат ресімдеу және оналтудың техникалық құралдарын таңдауға қол ұшын береді.



Мемлекеттен көрсетілетін қызметтер мен көмектің барлық түрін қолжетімді ету үшін осы сервистік орталықты аштық. Жинақталған тәжірибе мен қалыптасқан дағдыларға сүйене отырып, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін көмектің түрлері қолжетімді әрі түсінікті бола отырып және уақытылы көрсетілуі үшін ең көп сұранысқа ие қызметтер анықталып, сұрыпталды, – деп атап өтті Теміртау қаласының әкімі Ораз Тауірбеков.

Орталық мүмкіндігі шектеулі адамдарға әлеуметтік кедергілерді жеңуге, бойында бар қабілеттерін жүзеге асыруға және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуға көмектесуі тиіс.

TEN QOGAM – әлеуметтік және психологиялық мәселелерді шешу үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған орталық және сала мамандарына тегін кеңес беру мен қолдауды ұсынады. Бұдан бөлек, қоғамға бейімделуге көмектеседі, – дейді Теміртау қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Раушан Адыханова.

Өз тілімізден

• БІЛІМ БЕРУ

## Инклюзивті білім – қажеттілік

Отандық мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін кедергісіз орта қалыптастырылуда. Бүгінгі таңда мектептердің 88%-ында инклюзивті білім алуға жағдай жасалған.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл алғаш рет психологиялық-педагогикалық қолдаудың үш деңгейлі моделі енгізілді. Сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу үшін қолдау көрсету кабинеттері мен жеке бағдарламалар үшін жаңа талаптар әзірленді.

Қазіргі уақытта білім беру мекемелерінде 60 мың бала қажетті психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылған. Бұл әрбір баланың сапалы білімге тең қол жеткізуі үшін жасалған маңызды қадам, – деп атап көрсетті Оқу-ағарту министрінің Инклюзивті және арнайы білім беру департаментінің директоры Лаура Бутабаева.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын мектептердің басты міндеті – әр балаға жеке қолдау көрсете отырып, бірегей қабілеттерін дамытуға және әлеуметтік сын-тегеуріндерге төзімділік танытуға көмектесу болып табылады.

Облыста инклюзивті білім беру үшін 55% балабақшада, 81% мектепте және 70% колледжде жағдай жасалған. Облыста 17 арнайы ұйым жұмыс істейді. Өткен жылы Саран қаласында психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті ашылды. Тағы бір осындай кабинетті Қарағанды қаласында ашу жұмысы жүргізілуде, – деді білім басқармасының мамандары.

Бүгінде Қарағанды, Саран, Теміртау қаласында арнайы мектеп-интернаттарында ақыл-ойы және тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар үшін қосымша 5 сынып ашылды. Сондай-ақ, Теміртау қаласында ақыл-ойы бұзылған балалар үшін қосымша 2 топ ашылды.



гектарға, сұлы – 12,9 мың гектарға, бұршақ дақылдары – 1,3 мың гектарға және масақ қоспасы 20,3 мың гектарға. Бұдан басқа, ауыл шаруашылығы құрылымдары 34,9 мың гектар алқапқа майлы дақылдарды, 11 266 гектар картоп пен 979,3 гектар көкөністі жинауы тиіс.

Осы жылдың бірінші жартыжылдығында агроөнеркәсіп саласына инвестиция көлемі 10,8 млрд. теңгені құрады. Оның ішінде, ауыл шаруашылығына – 9,7 млрд. теңге, тамақ өнімдерін өндіруге – 1,1 млрд. теңге. Бұл – республика аясындағы 9 орын. Бүгінде 6,2 млрд. теңгеге 10 инвестициялық жоба іске асырылды, оның ішінде, мал шаруашылығында – жалпы сомасы 450 млн. теңгеге 2 жоба, өсімдік шаруашылығында – 3,6 млрд. теңгеге 4 жоба, қайта өңдеу саласында – 2,1 млрд. теңгеге 4 жоба. Осылайша 1 шілдедегі дерек бойынша ауыл шаруашылығы құрылымдарын мемлекеттік қолдау көлемі 8,4 млрд. теңгені құрағандығын айғақтады.

«Ауыл Аманаты» ауыл халқының табысын арттыру жобасын іске асыру шеңберінде ағымдағы жылы жаңа жұмыс орындарын құра отырып, осы бағдарлама бойынша микрокредит беру үшін 1 млрд. теңге көзделген. Мемлекет көптеген жылдар бойы агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға үлкен көңіл бөледі.

Спикердің сөзінше, айтарлықтай әлеуетке, мемлекеттік қолдауға, ауыл шаруашылығы өндірісінің ұлғаюына және бәсекелестік артықшылықтарға қарамастан, бүгінде аймақтағы ауыл шаруашылығының өркендеуі әл-әзір көңілдегідей емес. Нақтылағанда, жалпы өңірлік өнім аясындағы ауыл шаруашылығының үлесі 5%-дан аспайды. Ал, бұл салада еңбек өнімділігінің көрсеткіші аймақ экономия-

төмендеуі егіс алқаптары мен субсидиялау көлемдерінің ұлғаюымен бір мезгілде өсімдік шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың ағымдағы жүйесінің төменгі тиімділігін аңғартқан. Тұқымдық қайта құрумен қамтылған асыл тұқымды және аналық мал басының үлесі 2020-2023 жылдар кезеңінде 7,2%-дан 5,5%-ға дейін кеміген. Бұл асыл тұқымды мал шаруашылығын субсидиялаудың экономикалық тиімділігінің төмендеуін айшықтайды. Ауыл шаруашылығы техникасын жаңартудың орташа деңгейі 2011 жылдан 2023 жылға дейін 27%-ды құрады, ал, техника паркінің орташа тозуы 73%-ға жетті. Дерек ауыл шаруашылық жұмыстарының мерзімін ұзартуға және жанармай мен жөндеуге қосымша шығындарға әкелетіндігін мензейді. Жалпы, негізгі ауыл шаруашылық техникасының нақты жағдайы айтарлықтай жаңартуды және инвестициялық салымды ауадай қажет етеді. Мал шаруашылығы саласындағы бақылау тексерулерінің нәтижелері субсидия алушылардың бюджет қаражатын мақсатты пайдалану және селекцииялық, асыл тұқымдық жұмысқа қатысқан сатып алынған асыл тұқымды мал басын өсіру жөніндегі міндеттемелерді сақтамауымен байланысты фактілерді көрсетті.

Сайып келгенде, дерек пен дәйек аталған саладағы кемшін жайттарға нақты жауап пен әрекетті қажет ететіндігін айтып тұр. Бұл арада асығыстыққа салынбай, құзыретті мекемелер өзара ынтымақтасу жолымен еңбек еткенде, әрі мемлекеттік бағдарламаларды тиянақты да сауатты іске асырғанда ғана нәтиже қыла береді, – деп жалғады сөзін Гүлмира Төленова.

Ал, суармалы жерлердің алаңдарын толық көлемде пайдаланбау, ауыл шаруа-



# Мектеп құрылысы жанданды, дегенмен...

«Орта білім беру жүйесіндегі өткір проблеманың бірі – мектептердегі орын тапшылығы. 225 мың оқушыға орын жетіспейді. Шұғыл шара қабылдасамыз, 2025 жылға қарай орын тапшылығы 1 миллионға жетеді. Мен 2025 жылға дейін кемінде 800 мектеп салу туралы тапсырма берген болатынмын. Бүгін оның санын бір мыңға жеткізуді міндеттеймін», – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

Президент мектеп құрылысына мемлекеттік бюджетпен бірге, жеке секторды да тарту туралы айтты. Сонымен қатар, толық білім беретін ауыл мектептерінің оқушы санына қарай қаржыландыруға біртіндеп көшуі керек екенін атап өтті.

Бірінші қыркүйекте аймақтағы «Күнгеі» шағынауданында 600 орындық жаңа мектеп ашылмақ. Оған қоса, аймақта биыл 35 ауылдық мектепті жаңғырту жоспарланған. Пәндік кабинеттер, жиназдар жаңартылып, кітапханалар, асханалар және қауіпсіздік жүйелері күрделі және ағымдағы жөндеуден өтеді. Облыста 2025 жылға дейін 13 450 оқушыға арналған 21 мектеп салу жоспарлануда.



## Президент тапсырмасын орындай отырып...

Қарағанды, Теміртау қалалары мен Ақтоғай, Қарқаралы ауданында ашылды. Сонымен қатар, аралас тілде оқытатын 4 мектеп қазақ тіліне көшті.

Бүгінде аралас тілде оқытатын мектептерде қазақ тілінде оқытатын сыныптар саны 13-ке, оқушылар саны 738 балаға өсіп, 39 408 адамды құрады.

Жалпы аймақта оқушылар саны – 170 528. Оның 81 565-сі қазақ тілінде, 88 963-і орыс тілінде білім алатындар. Алдағы уақытта жаңадан ашылған барлық мектептерде тек қазақ тілінде білім беріледі. Қажет болған жағдайда ғана аралас тілде оқытылмақ.

### «Мектепке жол»

Дәстүрлі «Мектепке жол» республикалық акциясы 1 тамызда өз жұмысын бастады. Көп балалы және әлеуметтік осал отбасылардан шыққан оқушыларға оқу жылына сәтті дайындалуға жәрдемдесуде. Акция 30 қыркүйекке дейін жалғасады.

Бекітілген өңірлік іс-шаралар жоспарына сәйкес облыс мектептерінде «Балаларға жақсылық жаса!», «Ауыл балаларына – мектепке сыйлықтар», «Отбасы отбасына көмектеседі: баланы мектепке жинаймыз!» қайырымдылық акциялары өтуде.

Басқарма мамандарының айтуынша, акция барысында балаларға көмек көрсету бойынша түрлі іс-шаралар өткізу жоспарда. «Жұмыспен қамту», «Түнгі қаладағы балалар», «Қамқор» рейдтерін өткізу, мектеп тауарларын төмендетілген бағамен сату үшін кәсіпкерлермен бірлесіп отырып, мектеп жәрмеңкелері ұйымдастырылуда.

Жаңа оқу жылы қарсаңында жалпыға бірдей білім беру қорының қаражаты есебінен әртүрлі санаттағы балаларға материалдық көмек көрсету толастамайды. Бұл көмек атаулы әлеуметтік көмек алатын балаларға, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балаларға, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көрсетіледі.

Сонымен қатар, қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасының балаларына көрсетіледі. Оларға көмек мектептің қамқоршылық кеңсесінің шешімімен бөлінеді.

Қаражат мектеп формасын, аяқ киім және кеңсе тауарларын өз бетінше сатып алу үшін ата-аналардың қартқалық шотына аударылады.

Биыл ақшалай көмек мөлшері – 43 407 теңге. Биыл қаржылық және материалдық көмек көрсету мемлекеттік қызмет болып табылады. Оны алу үшін мектептің кеңсесіне өтініш беріп және «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету» қызметіне қойылатын талаптар тізбесіне сәйкес растайтын құжаттар ұсыну қажет.

Суреттерді түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

## Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

### Президенттің мегажобасы

Қарағанды облысы бойынша «Жайлы мектептің» ұлттық жобасы аясында 2026 жылға дейін 12 500 оқушыға 18 мектеп салып, пайдалануға беру жоспарланған. Қаржыландырудың жалпы көлемі 87,4 млрд. теңгені құрайды. Өткен жылы 17,6 млрд. теңгеге 7100 оқушыға арналған 10 нысанның құрылысы басталды.

– 1 қыркүйекте 10 мектептен 6 мектеп пайдалануға беріледі.



«Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды.

Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Облыс әкімі білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті. Бүгінгі таңда осы мектептер бойынша директордың міндетін атқарушы анықталды.

Жалпы, жайлы мектептердің жабдықтары мен құрылыс материалдары жоғары талаптарға сәйкес таңдалып алынған. Президенттің мегажобасын сапалы іске асыруда спорт залдардың саны басқа мектептерден әлдеқайда артық, – деп атап өтті облыстың білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова.

Мектептердің дизайны да

жоюға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда қалалық №101 мектеп-лицейінің үш ауысымда жұмыс істеп тұрғаны белгілі. Үш ауысымды жою мақсатында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында «Гүлдер» шағын ауданында 300 оқушыға арналған мектеп те пайдалануға беріледі. Мектептегі спорт гимнаматы заманауи талаптарға сай жасалуда.

Жоғарыда атап өткендей, дене шынықтыру сабағын бір уақытта бірнеше сыныпқа өткізбес үшін жобалық қуатына қарай спорт залдары ашылады. Оқушыларды мектепке апаратын жаяу жүргіншілер

тылады. Өңірдегі оқушыға білім беретін маманға тапшылық мәселесі «Жайлы мектептердің» пайдалануға берілуімен шешілмек.

– Қазіргі таңда білім ошақтарының құрылыс жұмыстары кес-

уында. Білім ошақтарының басым бөлігі облыс орталығында орналасқандықтан шағынаудандарға да жіті көңіл бөлінген. Мәселен, Балқаш қаласында бой көтеретін мектептің құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталуға жақын. Қазіргі таңда білім ошағының құрылыс жұмыстарының 90 пайызы орындалған.

### Шалғай ауылдағы мектептер шет қалмайды

Облыста мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер саны – 402. Оның ішінде, 231-і – ауылдық жерде орналасқан. Ал, жалпы оқушылар саны – 172 425 құрайды. Оның 40 753-і ауылдық мектептерде білім алуға. Ауылдық мектептердің 160-ы шағын жинақталған мектептер қатарында.

Осы орайда ауыл мектептерін дамыту мақсатында мектеп тәжірибесін жетілдіру, материалдық-техникалық базасын нығайту және мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін арттыру арқылы «Ауыл мектебі» жобасы жүзеге асырылуда.

– Сапалы білімге қолжетім-



ерекше, тіпті, бастауыш пен ересек сыныптардың бөлек блоктарда оқу секілді мәселелер де жіті қарастырылған. Шалғайдағы ауылдардың өзінде жайлы мектептердің бой көтеретіні балалар үшін үлкен олжа болғалы тұр.

– Облыста 18 жайлы мектеп салынады. Әкімдіктің айтуынша, инженерлік инфрақұрылымы бойынша барлық мәселелері шешілген. 10 мектепті жылдың соңында пайдалануға береміз деген жоспар бар. Біз аралаған нысандар арасында Шет, Бұқар жырау аудандары бойынша жұмыс қарқынды жүріп жатыр, – деп атап өтті Асхат Аймағамбетов.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасын орындау Ұлттық қор қаражаты есебінен жүзеге асырылып жатқандықтан бұл жоба үш ауысымдық және апаттық мектептерді

жолы да қатаң бақылауда болмақ. Автобустар тоқтайтын аяладаларды дайындап, мектепке апаратын жолдарға жарық беріледі.

«Гүлдер» шағынауданындағы мектеппен қатар өңірде қазіргі таңда апатты жағдайда үш мектеп жұмыс істеп тұрғаны белгілі. Олардың орнына Қарқаралы ауданының Талды ауылында 200 орындық және Бұқар жырау ауданының Новостройка ауылында 150 орындық мектептің құрылысы жүрде.

Облыстық білім басқармасы мамандарының айтуынша, жыл сайын аталған мектептерді қоса алғанда педагогке қажеттілік шамамен 500-600 бірлікті құрайды. Мамандармен қамтамасыз ету көрсеткіші 80-85 пайыз болғандықтан, қалған сағаттар педагогтерге және зейнеткерлерге тара-

теге сай жүрде. Мерзімі мен сапасы ерекше бақылауда. Жаңа мектептер жеті түрлі талапқа сай 300, 600, 900, 1200, 1500, 2000 және 2500 орындық болып, ауылда, қалада да жаңа бірыңғай стандарт негізінде. Бастауыш және жоғары сынып оқушылары мектепте бөлек блоктарда оқиды. Әр блокқа оқу кабинеттері, дарекханалар, спорт залдары бар. Балалар үшін бейнебақылау, дыбыстық хабарлау және басқа да күшейтілген қауіпсіздік шараларын орнату көзделіп отыр. Заман талабына сай толықтай жабдықталады, – дейді облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Абылай Смағұлов.

Өңірде мектептер құрылысының ауқымды жүріп жатқаны қала тұрғындарының да бақыла-



### Жабылған мектептер алаңдатады

Білім басқармасы басшысының айтуынша, ауылдық мектептерде оқушылар санының аз болуына байланысты жабу, қайта құру жұмыстары жоспарлануда. Мәселен, Ақтоғай, Бұқар жырау, Нұра, Шет аудандарында орналасқан 9 шағын жинақты бастауыш мектептің жабылуы және 7 мектепті қайта құру жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде 3 жалпы білім беретін мектепті негізгі орта мектепке айналдыру жоспарланған. Осы мектептердің 32 оқушысы үшін жақын маңдағы мектептерге тасымалдау және 13 оқушыны интернатқа орналастыру қарастырылмақ.

Бүгінде Қарағанды облысы бойынша барлығы 402 мектеп жұмыс істеп тұр. Оның ішінде қазақ тілді мектептер – 165, орыс тілді мектептер саны – 77. Аралас тілді мектептер – 160-ты құрап отыр.

Облыс үшін жағымды жаңалықтың бірі – соңғы үш жылда 5 мектептің ашылуы. Оның төртеуі







• ТАНЫМ

# Қазаққа сөз емес, бір үзім нан керек еді...

1921 жылғы Торғай уезіндегі ашаршылықтың негізгі себебі империялық замандағы заң актілерінің нормаларынан бастау алады. Ашаршылыққа себеп болған басты үшеуінің атын атап, түсін түстеп өтер болсақ, олар – 1822 жылғы Сібір қазақтары туралы Устав, 1861 жылы шаруаларды басыбайлы тәуелділіктен жерсіз босату актісі, 1868 жылғы Уақытша ережесі. Оқырманға түсінікті болуы үшін жоғарыдағы үш актіге қысқаша түсіндірме де бере кеткен жөн болар.



Коллажы жасаған М.Өлкенбаева

1822 жылғы Уставта империя өзінің қазақ жерін отарлау ісін заң актісі арқылы бекітіп, жағжұрттық басқару жүйесін енгізді. 1861 жылы жерсіз босатылған шаруа, кара шекпен Сібірге, қазақ жеріне ондап, жүздеп, мыңдап, миллиондап қоныс аудара бастады. Отарлау әкімшілігі 1868 жылғы Уақытша ережемен қазақ елінің жерін империяның мемлекеттік меншігі деп жариялады да, 1891 жылы Орал, Торғай, Семей, Ақмола облыстарын басқару туралы Уақытша ереже қабылдады.

1917 жылы билікті заңсыз иеленіп кеткен бұзық большевик те қазақ аймағын басқаруға құрылған революциялық комитетіне (ресми атауы – Кирревком) қатысты заң актісін Уақытша ереже деп атайды. (Орталық Мемлекеттік Мұрағат Қ. – 14. т.1, іс 13, бет 2.; ары қарай ОММ)

Уақытша ереже бойынша қазақ даласында басқарушы орган Кирревком аталғанымен азамат соғысының соңына дейін нақты билік Түркістан майданының әскери басшылығында болды. Және де 1918 жылдың жазында Азық-түлік халық комиссарыаты Қостанай мен Торғай уездерін бөлек Челябинск ауданы қылып қойды. Қостанай уезін 1919 жылдың тамызында құрылған «Сібірревкомы» туралы заңы бойынша ұйымдастырылған жаңа губерниялық орган деген мәртебесі берілген Челябинск аудандық басқармасына қаратты.

Осы уақытта Семей және Ақмола облыстары ақтардың қолында тұрғандықтан Кирревком олармен ешқандай байланысы болмады. (ОММ. Қ. – 14, т.3, іс 4, б. 1-2.)

Сібірревком 1919 жылдың соңында ақтардан босатылған Семей мен Ақмола облысына 1921 жылдың жазына дейін нелік етіп, Кирревкомды басқару ісіне мүлдем жолатпады. (Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы Қ. – 72. т.1. іс.13. б.95 ары қарай КЗТҚО)

Қажетті әкімшілік басқарусыз, қараусыз, несіз қалған Торғайда астық пен малды әскерге, жай жұртқа сатып алу ісі жүйесіз жүріп жатқанда Кирревком 1920 жылдың 27 наурызында Қазақ жерінен мал әкетуге тыйым салу қажет деген сөз көтереді. (ОММ. Қ. – 14, т.3, іс 17, б.17.)

Ашаршылыққа ұрынған қазаққа сөз емес, бір үзім нан керек кезде Кремльдегі қиянатшыл қызыл комиссарлар Москваның аш-жалаңаш жұртына қазақ даласынан астық жеткізіп, биліктерін сақтап қалуға жанталасты.

1920 жылдың 7 ақпанында РСФСР Совнаркомның төрағасы

Ленин Омбыдағы Сібірревкомына соққан жедел телеграммасында Москва пролетариатына 7 млн. пұт астық жеткізуді талап етті.

1920 жылдың қазан айының басында Торғай облысынан 400 түйеге астық артып келе жатқан адай елінің керуеншілері қызыл әскермен қарулы қақтығысқа барған (ОММ Қ. – 14, т.1, іс 61, б. 166).

1920 жылдың қарашасында Қазақстанға арнайы келген Бүкілресейлік староста аталған М.Калинин Сібірревкомның бар башыларынан Қызылжарға жиып, Ақмоладан 3 млн. пұт астық, 43 мың бас малды үш айдың ішінде жіберуге тапсырма бергеніне куә болған жазушы С.Мұқанов өз естелігінде баян етеді.

1921 жылдың қазан айында Семей атқару комитеті Москвадан орталыққа миллион пұт астық жіберу туралы бұйрығын орындауға жедел кіріскенін растайды архивтік құжаттар (Қ. – 73, т.1, іс 13, б. 14. КЗТҚО).

Мәскеу, Омбы, Орынбор қалаларындағы большевиктік билік қазақ елінде ашаршылықтың басталғанын, қыр қазағының қырылып жатқанын біліп отырса да, оларға нақты көмек көрсетпеді.

Үкіметтің ашаршылыққа кез болған қазақ ұлтына қатысты ала саясат ұстанып отырғаны жайлы М.Әуезов 1922 жылдың 16 ақпанындағы «Серпилмеудің себептері» деген өткір мақаласында «қазаққа сөз емес, бір үзім нан керек деп» ашық, ашына жазды.

Торғай халқы ашаршылыққа кезігетіні туралы М.Дулатов 1921 жылдың 9 сәуірінде «Ел күйзелді» деген мақаласында: «Торғай үйезінде мал қырылып жатыр. Жазға салым ашаршылық күтіп тұрмыз. Алыстан азық таситын көлік қалған жоқ» деп нақты жазды. Көлік неге қалмады?

Оның себебін бізге азамат соғысы кезінде Торғай даласындағы төтенше қызыл комиссар Ә.Жангелдиннің 1918 жылдың 26 сәуірінде Москваға жазған хаты ашып, тауып береді. (Алиби Жангелдин. Документы и материалы. 89-б.)

Жангелдин хатында Қазақстан ерекше әскери округ болып бөлінуі тиіс, оған керекті азық-түлік, астық, мал, жемшөп қырда, оның ішінде Торғайда жеткілікті дейді. Бұл жақта кавалерияға, артиллерияға, жүк артатын арбаларға қажетті жұмыс аттары баршылық. Оның ойынша осынау мол ресурсты уақыт өткізбей тез арада пайдаланып, Қызыл Армияның екі-үш дивизиясын құруға болады. Қазақстанда әскери ерекше округ құру арқылы қырда жеке дара билікке ұмтылған қызыл комиссар Ә.Жангелдиннің

нұсқауымен қызыл әскер, түрлі жабдықтау органдары Торғайдың бар байлығын тонай бастады. (ОММ. Қ. – 14, т.1, іс 52а, бб.5, 44.)

Торғайдың жылқысы мен қара малы әскерилердің талан-таражына түскені аздай қазақтың сауынды сиыры мен сүтті ешкілері қажетті жемшөбімен бірге Москваның аш-жалаңаш пролетариаты, мұғалімі саудалап әкетіп жатты. (ОММ. Қ. – 14, т.2, іс 10, 11, 12.)

Қазақстаннан жоспарсыз жаппай мал әкетуді тоқтата алмаған Кирревком тым құрмаса, бұл істі ретке келтіріп, бір жөн жолға салмақты ойлана бастады (ОММ. Қ. – 14, т.3, іс 2).

Бірақ, топан судай басқан тобырлық тонауды тоқтату ісі Кирревкомның қолынан келер қызмет емес-тін. Бұл 1919 жылы уақытша құрылған комитеттің не қарулы күші, не қаржысы, не кәсіби кадр жоқ қауқарсыз қуыршақ кеңсе еді.

Қазақ күйзелген кезде елін сүйген Алаш азаматтары қол қусырып, қарап отыра алмады. Олар 1922 жылдың 9 наурызында Семейде жиналыс өткізіп ашаршылыққа ұшырағандарға көмек ретінде елден мал жинап, қырдың төте жолымен жеткізбекке ұйғарады.

Ж.Аймауытов пен М.Дулатов Семей мен Қарқаралы жұртынан жиналған қыруар малды Қостанайға қарай айдайды. Бұлар Ақмола тұсына келгенде Ә.Жангелдин басқарған «Қызыл Керуен» жолығып, «Торғай халқының халі нашар, малдың басын сол елге бұрыңдар» деп кеңес берген соң малды Торғай жұртына қарай айдаған. (Алаш ісі. 1920-1930 ж. сот процестері)

Алаш азаматтары Қарқаралы, Семей жұрты берген жылу малын 1200 шақырымды 40 күн жүріп ашаршылыққа ұшыраған елге жеткізгеннен кейін бір жыл өткенде «мал дұрыс таратылмады» деген желеумен 1924 жылдың басында заңсыз тергеу ісі қозғалады да, ол 1926 жылдың көктемінде сот процесіне жалғасады.

Бұл мемлекеттік билікті заңсыз басып алып, қарулы күшпен саяси басымдылыққа ие болған большевиктік партия тергеу мен соттарды өздерінің саясаты мен мақсат-мүддесін жүргізетін мөңгірт мекемеге айналдырып үлгерген кез еді.

Іс жүзінде Семейдегі Алашқа ашаршылыққа ұшыраған жұртқа ел ішінен мал жинауға рұқсатты басында ресми билік өзі берген болатын. Алаштықтар малды ел байларынан кесім қылып алса, бұқара өз еркімен, сұрауы жоқ деп атаған. Бірде бір қазақ, байы бар, орташасы бар, кедейі бар жылға өткізген малымды қайтар деп үкімет пен сотқа талап арыз түсірмеген.

Әділет ісінің заңына сай жылға жиналған малға меншік құқығы ашаршылыққа күйзелген халықтың меншік құқығына көшкен-тін.

Шындық заңсыз қылмыстық істің қозғалуына Ә.Жангелдиннің 1922 жылдың 17 қыркүйегінде обком партияға қырдағы саяси ахуал туралы жазған есеп хаты себепші болғанын жоққа шығара алмайды, (Алиби Жангелдин. Документы и материалы. 171-б.)

Жангелдин өз баяндамасында Алаш азаматтарының ашаршылыққа ұшыраған елге мал жинап, көмек көрсетуі жақсы іс, бірақ негізгі мақсаты, идеясы, ниеті өздерінің көпшіліктің алдындағы беделін көтеру еді, бұл олар үшін саяси маңызды болатын деп көрсеткен.

Торғай қазағын ашаршылық қырып жатқанда Әлиби Жангелдиннің саяси беделді сөз қылуы орынсыз болатын.

Қазаққа сөз емес, бір үзім нан керек еді.

Марат АЗБАНБАЕВ

• АРДАГЕРЛЕР – АРАМЫЗДА

# Армансыз полковник

Адам дүниеге шыр етіп келгенде маңдайына жазылған тағдыры болады дейді. Бірі – қанша талпынғанымызбен оны өзгерту еш мүмкін емес десе, бірі – адамның қандай болмағы оның тағдырын айқындайды дейді. Қайсының шындыққа жанасатынын білмедік... Ал, біреу өмір тым қысқа дейді. Ойлаған арманыңды жүзеге асыра алмадым деп «аф» ұрғанды да көрдік. Ал, біреулер үшін өмір – ұзақ. Сол ұзақ өмірінде өзіне, айналасына ғана емес, мұқым жұртқа пайдасын тигізіп, шуағын шашып, лайықты өмір сүреді. Дәл осындай жақсыменен өткізген жарты сағаттан соң өз өмірін де көз алдында кинолентадай тізіліп жүре береді. Сол кезде маңдайға жазылған тағдырдың болатынына да, адамның қандай болмағы оның тағдырын айқындайтынына да толық көзін жетеді. Айтпағымыз Есентай Шайменов жайлы. Оның басып өткен жолын, өмірін, тіпті атқарған қызметіне дейін жіліктеп, қыр-сырына жете үйіленіз, көп нәрсеге қанық боласыз, көп сұраққа жауап табасыз. Жақсы әке мен ардақты аның ұлағатты тәрбиесін көріп өскен ұлдың халқына пайдасын тигізбей қоймайтыны анық емес пе?! Адамдық борышын адал атқарып қана қоймай, халқына пайдасын тигізген Есентай Қайыпұлы бүгінде жетпісте. Атақтан да, абыройдан да кенде емес. Солай екен деп даңдайсымайтын, ұяты мен ары таза әділ азаматтың өмірі жайлы қанша жазсақ та, қанша айтсақ та жарасымды...

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

## «Жан дүниемен мұғаліммін»

Нұра ауданының тумасы Есентай Шайменов туралы білгіңіз келіп, интернетті ашып қалсаңыз, бәрі көз алдыңызда сайрап жүре береді. Атқарған қызметі, жетістіктері... «Бір адамның басына осынша қасиетті үйіп-төгіп бере салады екен-ау?!» деп таң қаласын. Қай салаға түрен салса да, оқ бойы озық көрініп, жетістікке жету үшін де ерік-жігердің, қажыр-лылықтың, қайраттың болуы да керек қой деген ойға қаласын. Білмекке асығасын. Бірақ, Есентай Қайыпұлы – өзі туралы айтуға саран. Өзі – полиция полковнигі, өзі – профессор. Бірақ, «Мен – жан дүниемен мұғаліммін», – дейді. Дәл осы мамандықты ардақ тұтып, ерекше құрметпен айтады. Себебі, өмірін бала оқыту ісіне арнаған әкесі Қайып Шайменов ұлын үлкен жолға аттайдырғанда «Сен де мен сияқты мұғалім боласың!» деп, батасын берген.

Есентай Шайменов Нұра ауданының Шахтер кентінде әкесі Қайып Шайменовтың атында мектеп бар екенін де айтады. Бұл мақтан емес, өке мамандығына деген ерекше құрмет екенін де байқайсын.


– 1976 жылы Қарағанды техникалық институтының «Автомобиль көлігі» мамандығына оқуға түстім. Ол кезде қазіргідей емес, жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін жан-жаққа бөліп тастайды. Мені Қостанай облысына МАИ қызметіне жібермекші болды. Сол кезде әкемнің «Сен де мен сияқты мұғалім болуың керек» деген сөзін жерге тастамай, институттың «Автомобиль көлігі» кафедрасына оқытушы ретінде қалдым, – дейді Есентай Шайменов.

Жоғары оқу орнының қабырғасында жүргеннен-ақ көзге түскен талантты студент бұл жерде де талай жетістікке жетіп, жұмысын жақсы алып кетті. Екі жыл қатарынан, яғни, 1978-1980 жылдары Мәскеу автожол институтында тағылымдамадан өтті. Жас болса да, Қарағанды «Коміргормаш» өнеркәсіптік-шахта көлігіннің ғылыми-зерттеу зертханасында кіші ғылыми қызметкер болды.

Есентай Қайыпұлы дәл осылай жалғастыра берсе, аталған салада талай ғылыми еңбектер жазып, облыстың өркендеуіне үлес қосар ма еді?! Кім білген. Бірақ, тағдырдың оған қатысты өз жоспары бар екенін жас ғалым институтта сабақ беріп жүрген кезінде білмеген еді.

## Әкенің орындалған арманы

1983 жылы Есентай Шайменов ішкі істер органдарына қызметке кіреді. Сексенінші жылдар. Отбасы болған жасқа оқушыныңың жалақысы аздық ететіні анық. МАИ-да 2006 жылға дейін адал қызмет етіп, полиция полковнигі атағымен зейнетке шықты. Осы саладағы соңғы лауазымы – облыстың жол полициясы басқар-



масының бастығы.

– Бұл жұмысқа кірер алдында әкемнің алдынан өттім. «Отбасылы болдың, бала-шағаң бар, қарсылығым жоқ», – деп, батасын беріп, шығарып салды. Оның үстіне аталған салада жұмыс істеуге мамандығым да келеді, Мәскеуде тағылымдамадан өткенім де бар. 23 жыл қатарынан адал қызмет еттім, – дейді өзі.

Есентай Қайыпұлы зейнетке шыққаннан кейін «не істедім, немен айналыстым?» деп, ойланғанын айтады. Оның үстіне, кезінде МАИ-да қызмет етіп жүргенде «Қарудың, жарылғыш заттардың заңсыз айналымы» деген тақырып бойынша кандидаттық диссертация қорғаймын деген ойы да болған.

Содан, 2007 жылдан Қазақ гуманитарлық заң университетінде аға оқытушы лауазымында жұмыс істей жүріп, өзі көздеген тақырып бойынша 2009 жылы заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғаған.

Осылайша, Есентай Шайменов әуелде әкесінің нұсқаған жолына, оқытушы мамандығына қайтып келді. Оның әуелде дүниеге шыр етіп келгенде маңдайына жазылған тағдыры осы болса керек. Себебі, өмір оны әр салаға салып, әбден шыңдап, өмірлік тәжірибесі толысқан сәтте оқытушылыққа қайтадан алып келуі кездейсоқ дүние емес тәрізді. Ал, оған жету үшін, әлбетте, талай жолдан өтетіні анық.

«МАИ қызметкері бола жүріп, әкем үйреткен, анамның сүтімен қанымға сіңген адалдықтан аттанған жоқпын», – дейді өзі. Демек, өмірінің біраз жолында күрт өзгерген өмірі өзге арнаға бұрылып кетсе де, тағдыр жолы оны осы салаға қайта алып келді. Іс-әрекеті тағдырын анықтады.

Бұл салада да талай жетістікке жетті. 2009 жылдан 2012 жылға дейін «Фемида» заң академия-

сында «Азаматтық және инвестициялық құқық» кафедрасының меңгерушісі, ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, бірінші проректор болып жұмыс істеді. 2011 жылы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің шешімімен Құқықтану мамандығы бойынша профессор атағы берілді.

Есентай Шайменовтың еңбектері, мемлекеттік наградаларын тізе беруге болады. 2014 жылы Орталық Қазақстан академиясының Ғылыми кеңесінің шешімімен Құқықтану мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілді. Оның есімі Қазақстан ғана емес, алыс және жақын шетелге танымал. Мәселен, 2014 жылы АҚШ, Ресей Федерациясы, Украина сияқты елдердің 40-тан астам жоғары оқу орындары қатысқан «Ғылым және білім – қазіргі қоғам дамуының маңызды факторы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастыруының өзі үлкен еңбекті талап етеді. Бүгінде 20-дан астам ғылыми еңбектің, екі 2 оқу құралының авторы.

– Төксаныншы жылдары әкем о дүниелік болып кеткен еді. Әкем де, анам да өмір бойы менің ғылыммен айналысқанымды қалаған еді. Кандидаттықымды қорғаған кезде анам ерекше қуанды, – деп есіне алады өзі.

## Сөз соңы

«Полковниктің арманы бар ма?» деген сұрақ тұрды көкейде. Жоқ дейді өзі. Себебі, жолдасы Гүлден Шайменовмен бірге тәрбиеленген балаларымен қатар немерелерінің өзі кезінде әкесі Қайып Шайменов аманаттап кеткен адал жолмен ғылымда, жақсы қызметтерде жүр.

«Кезінде оқытушылықты полиция қызметіне ауыстырғаныңызға еш өкінбейсіз бе?» деп сұрадық.

Ойланбастан «жоқ» деп жауап берді әрі – полковник, әрі – профессор.

**Р.С. Облыс орталығының 45 орамындағы жол қиылысын білесіз ғой. Бұрынырақ бұл жерде айналма жол болғанын біреу білер, біреу білмес. Жол қозғалысы өзгергеннен кейін дәл осы жерде көлік кептелісі де, жол-көлік оқиғалары да азайды. Бұл да тікелей Есентай Шайменовтың еңбегі. Себебі, тәжірибелі автомобиль инспекциясы қызметкері ретінде жұмысты сеніп тастырғанда, зерттеу жұмыстарын да, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізген де – өзі.**

Суретті түсірген А.МАРЧЕНКО

• ФЕСТИВАЛЬ

# Жаңа форматтағы қойылымдар сахналанады

Қарағанды академиялық музыкалық комедия театры 52-ші маусымның ашық деп жариялады. Театр ұжымы жақын арада қоржындағы жаңа қойылымдарымен гастрольдік сапарға шығады. Ал, 19-22 қыркүйек аралығында мәдени орталықта «Оперетта» және музыкалық «DosStar» халықаралық фестивалі өтеді. Фестивальге қарағандылық және шетелдік әртістер қатысады.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Оперетта» және музыкалық «DosStar» ашық халықаралық фестивалі 2012 жыл-

дан бастап, облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының қолдауымен өткізіліп келеді. Оны қаламыздың ғана емес, бүкіл өңірдің мәдени өміріндегі ең жарқын дәстүрлі іс-шара деп атауға бо-



лады. Фестивальге жақын және алыс шет елдердің 10-нан астам театры мен жетекші

солистері, яғни, 600-ге жуық адам атсалысады.

Фестивальге қатысатын театр ұжымдарының бұқараға ұсынар биылғы қойылымдар форматында өзгерістер бар. Олар көрермендердің жаңашылдықты жақсы қабылдауына сеніммен қарайды. Оның ішінде, қарағандылық көрермен көзіне алғаш түсетін Қ.Кужамияров атындағы Мемлекеттік республикалық академиялық ұйғыр музыкалық комедия театры бар.

Бұл театрдың труппасы Әзербайжан композиторы Узеир Гаджибековтің «Аршин мал алан» атты музыкалық комедиясы негізінде оперетта ұсынады. Естеріңізде болса, дәл осы атпен 1945 жылы фильм де түсірілген болатын.

Сонымен қатар, «DosStar» фестивалі аясында венгрлік Имре Кальманның «Цирк ханшайымы» опереттасы солисті Нора Тайдың қатысуымен көрсетіледі.

Құттықтаймыз!

Қарағанды қаласында тұратын Балташ БАТТАЛҒАЗЫҰЛЫН 30 шілде 70 жасқа толуымен құттықтаймын!

Батталғазыұлы Балташ-ай, Ақылң болды таудай-ай! Ақын болу арман-ай, Қаламнан туған хаттарың. Кітап болып қалғаны-ай! Тектіден текті туады, Киікбай бабадан қалғаны-ай. Алаштың кешегі Заңгері, Ақбай Жақып мықты еді. Алланың жолы – таза жол, Ата-баба жолдары-ай! Абайдың жолы – таза жол, Алаштың да жолдары-ай! Осы жолмен өтсек-ай, Адаспайтын нағыз жол. Қазакты бұзатын ағымдар, Қазактың нағыз дұшпаны. Дұшпанға қарсы тұрмасаң, Ұрпақты ертен құртады.

Бала Қажы мешіті Алаштың ұрпағы молла Айтжан УАЛИҰЛЫ. №282

Құттықтаймыз!



Қарағанды қаласы Көкпекті ауылының бас имамы Нұржан ОҢҒАРУЛЫ 40 жасқа толды.

Кәрсөн-Керней ұрпағы, Нұржан Оңғарұлы. 20 жаста имам атағы, Қырғызстан медресесін, толық аяқтап бітірген. Мың шәкіртті үйреткен, Алды қари ұстаздар. Ағартушы ғалымдар, Кешегі өткен ұстаздар. Түрік әлемінің ұлы ұстазы – Қожа Ахмет Яссауи. Абай Құнанбайлар, Шәкәрім Құдайберділер, Ахмет Байтұрсынұлы, Ыбырай Алтынсариндер, Мәшһүр Жүсіптер, Сенкібай батырлар, Ақбай Жақыптар, Күллі баба ұрпағы. Ұрпақтары оянды, Ата жолын қуалды.

Бала Қажы мешітінің бас имамы Махмұт Қажы Алаш ұрпағы Айтжан молла №283

Е.Бөкетов Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-жәсіпкерлік және цифрлық экономика», (информатика + математика) «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау», «Экономика», «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг және SMM», (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтау», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық қамтамасыз ету», «Қылмыстық кірістерді жылыстауға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесіне заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мемл.лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8 (7212)35-64-05, https://buketov.edu.kz/, priemka@ksu.kz

После смерти Косахбаева Арықбая Карбасовича умершего 10 марта 2024 года открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Динисламовой Минданые Гайнетдиновне. Город Сарань, улица Джамбула, дом 67А, офис 2. Телефон 87014379918. 8708594 9202. №281

Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru

Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ

Шатырша айғай салады айдалада

Рымбек Жүнісовке

Аға, сен қалаға бардың. Мен де қалаға бардым. Шатырша далада қалды...

Басы тіп-тік жақпар да, Жоны – қырат, Жерге түскен иықтан қолы құлап, Шатырша айқай салды айдалада, Естіп жатқан ешкім жоқ оны бірақ:

«Шатыршаның қашанда сайран – басы, Сайрандашы, күрсінбей, жайраңдашы. Мына ел қайда барады-ей, жосып осы, Қай бұтада қалады, ей, қайран басы?!»

Жыр қамында жүргенде, ой қамында, Елден шалғай осы бір қойлы ауылда, Елжіреп бір еліктей лағына Асыр салғам мен де оның қойнауында.

Осында жүр қызы да, бозбала да, Кемпір-шал ғой қалғаны – боз далада. – Қалай? – деймін – Шатырша? – Орнында ғой... Е, Шатырша орнынан қозғала ма!

«Сайрандаса, осылар сайрандасын, Жайраңдаса, осылар жайраңдасын. Тырқыратып тектімді қуып тастап, Тексізбенен қалды ғой, қайран басым!», –

Деп жылайды қайран тау, жоны қырат, Жерге түскен иықтан қолы құлап, Шатырша айғай салады айдалада, Естіп жатқан ешкім жоқ оны бірақ.

Аға, Ақынмын деп мен неге қалаға бардым? Әкіммін деп сен неге қалаға бардың?! Жыланды – далада қалды... Қызыларай – далада қалды... Шатырша – далада қалды...

Қайда барар қайран ел, Құрағына, Тауына да қарамай, бұлағына?! Шатыршаның осы бір жанайқайы, Шалынса екен құдайдың құлағына.

Ақсораңдай асқақ еді

Сұм ажал тағы бір айтулы азаматымызға тырнағын салды. Ақтоғай ауданының көптеген азаматы құрмет тұтатын, ауданда белді де беделді қызмет атқарған ел құрметтісі, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Рымбек Жүнісовтың нұсқаушысы. Рекең қызмет атқарған жылдарында ауданымыздағы талай азаматтың ат жалын тартып мінуіне елеулі үлес қосты. Кадр тәрбиесіне ерекше көңіл бөлді. Ауданды басқарып тұрған кезде Ақтоғай ауданы КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер кеңесінің Құрмет Дипломымен, Құрмет грамотасымен марапатталған. «Көңілге түйгендерім», «Тоқырауын тоқырамасын» атты кітаптары жарық көрді. Өзі «Қазақ жерінің зиялы азаматтары» атты ғұмырнамалық жинақтар сериясы кітабына енген. Жидебай батырдың 300 жылдығында туған жеріне ескерткіш бюсті орнаттырған. Елімізді коммунистік партия билеген 62 жылда ауданда бірінші хатшы болған 25 тұлғаның ішінде Ақтоғайдың төл перзенті ретінде тұңғыш рет ауданды басқарған, туған жеріне туын тіккен ардагер еді.

Ауылымыздың үлгі тұтар азаматы, бәріміз құрметтейтін Рымбек Жүнісов ағамыздың жарқын бейнесі жүрегімізде ұзақ сақталады.

Төлежан АХМЕТБЕКОВ, Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ, Жақан БЕЙСЕНБАЕВ, Дәулет ТОЙМЫБЕКОВ, Қазтай БОРАНБАЕВ, Сейілхан МҰХАММЕДНІЕВ, Аманолла ШАЙБЕКОВ, Өміртай МАМЕТҚҰЛОВ, Тұңғышбай МҰҚАНОВ, Қабжан ДОСМАҚОВ, Есенгелді ТҰРЫСБЕКОВ, Мейрхан ТӘТІБЕКОВ, Қалірман ТҮЙЛІАНОВ, Елубай БАЙМАҒАНБЕТОВ, тағы басқа да ақтоғайлық азаматтар. №284

Рымбек Жүнісовты ЖҮНІСОВ

Арқа жұртшылығы, Қарағанды халқы орны толмас ауыр қазаға душар болды.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қарағанды облысының және Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы, жерлесіміз Рымбек Жүнісовтың 84 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Рымбек Жүнісовты Арқа өңіріне ғана емес, барша қазақ еліне іскерлігімен, отансүйгіштігімен, биік парасат, кемел кісілігімен танылған тұлға еді.

Ол 1941 жылы 1 наурызда Қарағанды облысы, Қоңырат ауданы (қазіргі Ақтоғай ауданы), Ақтоғай селосында дүниеге келген. Кешегі Алаш көсемдерінің алтын бесігінде өмірге келіп, асқақ рухты бойына сіңірген Рымбек Жүнісовтың еңбекке ерте араласты.

1960 жылы Талғар ауыл шаруашылығы техникумын агроном мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын туған жері Ақтоғай ауданы, Сталин атындағы колхоздың (қазіргі Жидебай селолық округі) агрономы болып бастады. Араға екі жыл салып, яғни, 1962 жылы Алматы ауыл шаруашылығы институтының күндізгі бөліміне оқуға түсіп, оны 1967 жылы «Ғалым-агроном» мамандығы бойынша бітіреді де, сол жылы жанадан құрылған «Қоңырат» совхозының бас агрономы болып тағайындалды.

1971-1973 жылдары Ақтоғай аудандық атқару комитеті ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарып, 1973 жылы «Қызыларай» совхозының директоры лауазымына тағайындалады.

Ал, 1981-1985 жылдары Ақтоғай аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары лауазымына жоғарылап, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы қызметін атқарды.

1985-1990 жылдары аудандық атқару комитетінің төрағасы, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, кейіннен бірінші хатшысы болып сайланып, тоқырау жылдарында шалғайдағы Ақтоғай ауданының экономикалық еңселендіруге бар күш-жігерін жұмсады. Ауыр экономикалық дағдарысқа душар болған туған жерін өрге сүйреген еңбегі мемлекет тарапынан да, аудан тұрғындары тарапынан да зор құрмет, селкеусіз сенімге ие болып, 1990 Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Ол – 1991 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі» туралы Конституциялық Заңды қабылдауға қатысқан, Заң жобасын белсенді түрде қолдаған халық қалаулысы.

Іскер ұйымдастырушы, білікті басшы Рымбек Жүнісовтың бұдан кейінгі еңбек жолы республикалық деңгейдегі құрылымдарда жалғасты.

1992-1994 жылдары ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінде инспекция басшысы, 1994-1995 жылдары ҚР Қаржы министрлігі Ауыл шаруашылығы кешені басқарма басшысының орынбасары лауазымдарын атқарды.

1995-1998 жылдар аралығында Алматы қаласындағы «Алатау» базарының директоры болды. Одан кейін сегіз жыл бойы (1998-2006 жж.) Алматы қаласы бойынша жер ресурстарын басқару Комитеті төрағасының орынбасары болып абыройлы қызмет етті.

«Елім!» деп өткен есіл ер

Алыптар мен арыстар шыққан алтын бесік Ақтоғай топырағы ауыр қазаға ұшырады. Тамыз айының 14 жұлдызында Алаштың біртуар азаматы, абыз ақсақалы, ірі мемлекет және қоғам қайраткері Рымбек Жүнісов ағамыздың «Елім!» деп, «Жерім!» деп соққан алып жүрегі тоқтады.

Рымбек Жүнісов – «Қазақ КСР еңбек сіңірген агрономы», «Еңбек ардагері», «Парасат» орденінің иегері, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», Ақтоғай ауданының және Қарағанды облысының «Құрметті азаматы».

Еңбек жолын 1961 жылы қазіргі Ақтоғай ауданы 22-с/езд атындағы кеңшардың бас агрономы болып бастаған. Одан кейін «Қоңырат» кеңшарында бас агроном, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, аудандық

кеңестің төрағасы болды. 1973 жылдан 1981 жылға дейін Ақтоғай ауданы Қызыларай совхозының директоры. 1990 жылы Қазақ КСР халық депутаты болып сайланды. 1992 жылдан 1994 жылға дейін Ауыл шаруашылығы министрлігі инспекциясының басшысы, 1994 жылдан 1995 жыл аралығында АӨК (Агроөнеркәсіптік кешен) басқармасы басшысының орынбасары, 1995 жылдан 1998 жылға дейін Алматы қаласындағы «Алатау» мемлекеттік шаруашылық есептегі әмбебап базарының директоры, 1998 жылдан 2006 жылға дейін Алматы қаласы бойынша жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының орынбасары, кейінгі жылдары «Ақмола-Бетон» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарған.

Рымбек Жүнісовтің есімі ел есінде мәңгі сақталады. Ақтоғай ауданының

халқы марқұмның туған-туыстарына қайғырып көңіл білдіреді. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жаннатта болсын!

С.ДҮЙСЕБЕКОВ, Т.АХМЕТБЕКОВ, Р.ӘБДІКЕРОВ, М.ТАТИБЕКОВ, М.ЖАРЫЛҒАП, Қ.Т.ЛЕУБЕРГЕНОВ, С.ӘБЕУОВА, Н.ОМАРХАНОВ, Р.КЕНЖЕБЕКОВ, А.АМАНЖОЛОВ, М.ОҢҒАРҚҰЛОВ, Р.ӘБЕУОВ, Т.МҰҚАН, С.СЫЗДЫҚОВ, Қ.ҚОШАНТАЕВ, С.МҰРАТУЛЫ, Д.ЖУМАГУЛОВА, А.ЖҰМАШЕВ, Ә.ҚАПАСОВ. №286

Қош, Арқаның абызы, Алаштың ардақтысы!

Таңмен таласа жеткен қаралы хабар қабырғамды қайыстырып жіберді. Есенгіреп, тас төбемнен жай түскендей күйде отырмын...

Арқаның айбоз азаматы, Ақтоғайдың абызы, Алаштың ардақты ұлы, қазақтың қабырғалы қайраткері Рымбек ағам қайтыс сапарға аттанды дейді... Неткен суық хабар?! Неткен ауыр қайғы?! Ақсораң аласарып, Шатырша шайқалып кеткендей... Тоқырауын ағысынан жаңылып, тұнығы лайланып кеткен шығар... Асылы көшті. Ардақтысы ақтық сапарға аттанды. Қазақтың қара нары шөкті.

...Рымбек ағаны бала күнінен білетін едім. Көрші тұрдық. Таудай тұрқына, кемел келбетіне сүйсіне қарап, осы Рымбек ағаға қарап бой түзген ұлдың бірімін. Атам Алтынбекпен, әкем Қомармен қадірлес болған көз көргендер көшінің соңы еді... Атам туралы, Әкем туралы есті стелік айтатын шежіре кеуде дамылдады. Өттен, дүние! Өкініш өзекті өртеп, қайғылы хабар қабырғамызды қақыратып кетті-ау...

«Алтығаңның парасатын айтсаңшы! Жаңылған шешейдің дастарқанындай ақ пейіл қайда?!» деп отырушы еді, жарықтық. Күні кеше ғана қоңырау шалып: «Ақтоғайдаға әкім сайлауына ерекше еңбек сіңірген екенсің. Елді, жерді сүюдің үлгісін таныттың. Жеңістеріңмен құттықтаймын! Абыройлы бол!» деп лебізін білдіріп, батасын беріп еді. Бүгін өзі жоқ...

Екеуіміз күн аралатып хабарласпасақ, көңіліміз көншімейтін еді ғой, Аға-ау... Енді Сіздің желіден қоңырау соғылмайды. Енді Сіз хабарласып, Ақтоғайдың өзекті мәселесін талқылай алмайсыз. «Елге барып қайтайық. Уақытың болса, бірге жүр» демейсіз енді. Қандай өкінішті?! Қандай ауыр?! Өрбір жылт еткен жақсылығыма қуанып, болмашы қуанышыма ортақтасып отыратын абзал аға, жайсаң жанның қазасын қабылдай алмай, дал болып отырмын...

Мен өзімді Рымбек ағаның көз алдында жүрмесем де, әр қадамым ол кісінің көңілінде, жіті назарында болғанын жақсы білемін. Елдің атқа мінген азаматтарын назарынан тыс қалдыр-

май, қолдау көрсетіп, жанашырлық танытып жүретін жампозымыз еді...

Елді ерекше сезіммен сүйді. Кешегі Алаш көсемдерінің алтын бесігі Ақтоғай өңірінің шерлі шежіресін, тамырлы тарихын жетік білетін серектігін айтыңыз... «Көңілге түйгендерім», «Тоқырауын тоқырамасын» деген кітаптарындағы азаматтық ұстанымы, ордалы ой, тұғырлы түйендері Рымбек ағаның елге, жерге деген сүйіспеншілігінің айғағындай еді. Сол сезім, сол пейіл көмескі тартып, ел, көз алдымызда көшіп барады... Елін емірене сүйген жүрек соғуын тоқтатты. Ақсораңдай асқақ тұлға, Тоқырауындай тұнық пейіл келместің кемесіне жайғасты...

Аһ ұрып Ақтоғай анырап қалды... Барша Арқа жұртына, Ақтоғай еліне, Базилия жемгеме, Гауһар, Талғат, Таңат бауырларыма қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамын. Бақұл бол, жан аға!

Қош, Арқаның абызы, Алаштың ардақтысы! Бекзат АЛТЫНБЕКОВ, «Аманат» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы

Қарағанды облыстық мәслихаты Қарағанды облысының, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері

Рымбек Жүнісовтың ЖҮНІСОВТІҢ қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.


Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің ұжымы Қарағанды облысының Құрметті азаматы, қоғам қайраткері

Рымбек Жүнісовтың ЖҮНІСОВТІҢ қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.

• ЖАҢА КІТАП

# Әлихан туралы алғашқы роман

Әлихан Бөкейхан туралы көркем шығарма жазу оңай емес. Бірақ, жазушы Сүйіндік Жанысбай жазыпты. «Әлемге әйгілі Әлихан» деп аталады. Кітап «Tengri Ltd» баспасынан 500 данамен жарық көрген. Демеушісі – белгілі меценат, ұлттық «Алтын жүрек» сыйлығының иегері Бекзат Алтынбеков.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Кітап Әлихан Бөкейханның өмірі мен қызметі туралы көптеген деректі оқиғаға толы екен. Яғни, автор қолда бар деректі оқиғалардың басын қосып, деректерге сүйене отырып, Әлекеңнің көркем бейнесін жасауға тырысқан. Бір қызығы, осыған дейін Әлекең туралы роман жазылмаған Әлихан әлемінен бастапты. Бұл – алғашқысы. Сонымен қатар, көптеген әңгіме, хикаяттар жазған Сүйіндік Жанысбайдың да алғашқы романы. Автор алғашқы романын бұған дейін ауқымды шығарма жазылмаған Әлихан әлемінен бастапты. Енді бұл жанрға тағы да қалам тартып, басқа да ойында жүрген романдарын жазғысы келетінін де жасырмады.

Көптен бері ойымда жүрген шығарма еді. Міне, сәті енді түсті. Жалпы, бұл прозалық ауқымды еңбегімді деректі-роман деуге болатын сияқты. Алдағы уақытта Әлихан Бөкейхан ауданында таныстырылымын өткізуді жоспарлап отырмыз. Әдебиетші ғалымдар кітаптың жанры мен жазылуы, көркемдік қуаты туралы пікірін айтып, бағасын берер. Мен екі жылдай уақытымды сарп етіп, баба рухы алдындағы міндетімді

орындадым. Кейін бір жылдай жарыққа шығаруға демеуші іздедім. Меценат бауырым, Алаштың арда азаматы Бекзат Алтынбековке демеушілік жасағаны үшін шексіз алғыс айтамын. Барлығы 150-ге жуық құжат ақтардым. Кітапты «Атамұра» кітап үйінен немесе өзімнен сатып алуға болады, – дейді Сүйіндік Жанысбай ағамыз.

Туындының алғашқы бетінде: «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген Әлихан Бөкейханның отты сөзі жазылған. «Желтаудағы жарқын күндер» алғашқы бөлімге көзіңіз түссе, кітап сізді Алаш көсемінің әлеміне, Желтаудың етегіне, қайраткердің балалық шағына жетелей жөнеледі.

Бас-аяғы 23 бөлімнен тұратын деректі романда Әлихан Бөкейханның балалық шағы, жігіттік кезі, қайраткерлік жолы, саясатқа араласа бастауы, қызметі, ғылымдағы жолы, Сталинмен кездесуі, қамалуы сынды көптеген деректі оқиғалар тұнып тұр.

Одан бөлек, соңғы жағында «Әлихан ұрпақтары» атты бөлімде Әлекеңнің қызы Зейнеп, ұлы Өктай, інілері мен қарындастары, күйеу баласы Смағұл Сәдуақасов туралы нақты деректер қамтылған мақалалар берілген.

Ол аз десеңіз, «Ата-баба қорымы» бөлімінде де ата-бабасы жерленген Ақтоғай ауданындағы «Талды бейіт» қорымы жөнінде егжей-тегжейлі жазылыпты.

«Әлекеңнің нақылға айналған сөздері» атты соңғы бөлімдегі ұлт перзентінің отты да қайратты сөздерін оқып, таң қаласыз. Байқасақ, Әлихан туралы білгісі келетін кез келген адам осы кітаптан мол дерек таба алады. Зерттеушілерге тіпті, таптырмас дерекке толы туынды. Бәрі бар. Архив ақтарып әлек болмайды.

«Қуана билегенге құт қонбайды» (Ә.Кекілбаев) демекші, қуанышты хабарды сүйіншілеу бізге бұйырды. Деректі-романды оқып, көп дерекке қанық болуды, өз ойыңызбен бөлісуді Сізге де нәсіп етсін, ардақты оқырман!

• ҚҰРМЕТ

# Ағыбайдың анасы ардақталды

Арқа жұрты Қойсана анасын ардақтады. Шет ауданы Үзірек ауылдық округінің Қармыс ауылында атақты Ағыбай батырдың анасы Қойсана Байғозықызының кесенесі ашылып, ел анасына арнайы ас берілді. Ұлұтастан соғылған кесененің авторлары – батырдың ұрпақтары (Ағыбай батыр қоры). Ұйымдастырушылардың айтуынша, Қойсана ананың кесенесі – «Қазақстанның сакральді географиясы» жобасына ұсынылмақ. Нысан салынып біткен соң арнайы қоршау жасалып, маңайын абаттандыру жұмыстары жүргізілген. Кесене мәдени мұраны сақтау аясында мемлекеттік тапсырыс бойынша салынған.



Нұрлос КӨРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қаракесек-Шұбыртпалы-Арғын руынан шыққан Ағыбай батырдың шешесі Қойсана ана Тарақты руынан тарайды. Абылай ханның ту ұстаушысы Байғозы батырдың қызы, Наймантай батырдың немересіне арналған игі шара Құран оқумен басталды. Кесененің ашылу салтанатында Шардара қаласынан келген имам Омарбек Пазилбекұлы ел амандығы мен тыныштығы үшін дұға жасады.

Қазақ тарихында аты аңызға айналған абыз аналарымыз жетерлік. Солардың ішінде, өте ақылды, түскен жеріне жақсылығымен, даналығымен танылған Қойсана ана туралы «Қойсана Ана» театрландырылған қойылымы ұсынылғаны тойға тартулы дүние болды. Әдемі көрініспен ашылған шара көпшілікке ерекше көңіл күй сыйлады. Қойылымда мейірімге толы ана махаббатының қуаты өте кең әрі шынайы суреттелді. Көрерменге береке-бірлік, тектілік пен мандылық туралы ой тастады. Қойылым соңында жиналған жұртшылық сахнада жан-дүниесімен беріліп ойнаған, Қойсана ананың жастық шағын сомдаған Ардақ Игеноваға, жас ұлғайған шағын шеберлікпен жеткізген Жанымкүл Тарғынқызына, Ағыбай батырдың бейнесін сомдаған батырдың ұрпақтары Нұрсұлтан мен Оңғарбектің актерлік шеберліктеріне риза болып, оңпаздарға шығармашылық табыс тіледі.

Алқалы жиында, тойдың құрметті қонақтары сөз сөйлеп, Қойсана ана туралы толғамды ойын жеткізіп, баяндама жасады.

– Тәуелсіздіктің таңы атқалы жоғал-

тқанымызды түгендеп келеміз. Осы егемендіктің, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың арқасында ұрпақтары тарапынан ғана еске алынып тұратын ұлы тұлғалардың ерлігі мен еңбегін мемлекеттік деңгейде тарихи тұрғыдан лайықты бағалауға мүмкіндік туды. Қойсана ана бабаларына ұқсап батыр болған. Ағыбай батырға аяғы ауыр кезінде көшіп келе жатқанда алты қарақысы көшіне тиіп, қолына бақан алып, алтауын да ұрып түсіріпті. Жау бірін-бірі сүйеп әйелден жеңілген соң біреуі тұрып: «Қойық, бұл әйелдің күші емес, ішіндегі арыстанның күші ғой», деп жүріп кеткен екен. Бұл келтіріп отырғанымыз – бір ғана өткен тарихтан әңгімеміз. Батыр анамыз жайлы елдің ішінде ерлікке толы қаншама әңгіме айтылып жүр. Сол Қойсана анамыз Шет ауданының Қармыс ауылында мәңгілікке тыныстап жатыр. Біз ұрпақтары ел анасын ардақтау арқылы басқаларға үлгі боламыз, – деді «Ағыбай батыр» қоғамдық қорының президенті Ғабит Мұсабеков.

Жоғары деңгейде ұйымдастырылған мерекенің әр сәті той қонақтарының көңілдерін көкке көтеріп, рухани демалыс сыйлады. Тойдың көркі делебені қозды-

рып, рухты аспандатқан садақ ату спорты мен жазба ақындар мүшәйрасы болды.

Айта кетейік, қазіргі таңда елімізде дәстүрлі садақ ату спорты қарыштап дамып келеді. Сайын даланы мекендеген ата-бабаларымыздан мирас болып келе жатқан бұл спорт түріне 80-ге жуық спортшы қатысты. Жарыстың бас төрешісі «Қарағанды облысының Ұлттық және ат спорты түрлерінің федерациясы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Нұржан Шайхиннің мәлімдеуінше, әсіресе ауыл балаларына сан гасырлық тарихы бар, көне дәстүрлі садақ ату спортын жастар арасында насихаттауды мақсат етіпті. Садақ атуда ерлер арасында мергендігімен танылған Рахметұлы Нуркеев чемпион атанды.

Сонымен қатар, II орынға Ғанибек Бигелдиев, III орынға Наурызбай Қаригұлов пен Бақыт Әбдірахманов тұрақтады. Әйелдер арасында I орынды Жалдыра Башаева, II орынды Қалдан Мадиева, III орынды Айша Олжабай мен Гульзахира Қалқозыба иеленді.

Жазба ақындар мүшәйрасында кіл мықтының ішінен іріктеліп шыққан ақын Абай Ораз I орынды, Айжан Шайқықызы II орынды, Рауан Қайдаров III орынды еншіледі. Сондай-ақ, арнайы сыйлықты Ардақ Игенова, Нұрланбек Мәуейілы, Назым Сүйінова қанжығасына байлады.

Шет ауданы

• ШАҒЫН ФУТБОЛ

# «Supernovas» секциясы ашылады

Шет ауданы Киікті ауылынан тегін футбол үйірмесін ашып, ауыл балаларын спортқа баулып жүрген Бекжан Совет туралы бұған дейін де жазған едік. Үйірмені «Киік» шағын футбол клубы» деп атаған Бекжан жас аяқдоп шеберлерін ынталандырудың түрлі әдіс-тәсілін пайдаланып, қызықтырып жүр.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Клуб жуырда Астана қаласында өткен «Налық Ореп Сир» турниріне қатысып, сәтті өнер көрсетіпті. Нақтырақ айтсақ, топтық кезеңнен шығып, келесі кезеңге өту үшін болған тартысты ойында қарсыластарына есе жіберіпті.

Десе де, талабы таудай, көздерінде от жанып тұрған жас футболшылар мұнымен тоқтамай, алдағы уақытта өтетін чемпионаттарға дайындықты бастап кетіпті.

– Шынын айтсақ, аудан немесе облыс көлемінде 15 жасқа дейінгі ұлдарға арналған жарыстар некен-саяқ. Болса, қуана қатысар едік. Команда мүшелері кәдімгідей құлшынып жүр. Осындайда бірінен соң бірі өтіп жататын спартакиадалар да тым-тырыс. Енді жаңа оқу жылының басталғанын күтіп отырмыз. Одан бөлек әкімшілікпен және

**Таңдау кезеңдері**

278

**Іріктеу финалистері**

8

**Қазақстандағы 4 жаңа Supernovas секциялары!**

кәсіпкерлермен бірігіп, «Таза Қазақстан» акциясына да қатыстық. Қоғамдық жұмыстарға да шәкірттеріміз баулып жүрміз. Адамгершілігі мол азамат қылып өсіргім келеді, – дейді Бекжан Базарбайұлы.

Сонымен қатар Бекжан Советтің өзі шәкірттеріне үлгі-өнеге көрсету мақсатында «Supernovas» жобасына да қатысып, жеңімпаз атанған. Енді, қыркүйек айында аталған жобаның секциясы Киікті ауылында ашылатын болды. Бұл – балалардың шыңдалуына зор мүм-

кіндік. Осыған орай бала санын көбейтіп, қыздар командасын жасақтауды да жоспарлап отыр.

– Өзім теміржолшы болғандықтан Теміржолшылар күніне орай командадағы 32 баланың арасында жарыс өткізіп, барлығын медальмен марапаттадым. Демеуші іздеп тауып, қажетті заттармен қамтыдық. Ата-аналар балаларына өсімдері жазылған және команданың белгісі жапсырылған бас киім сыйлады. Бұдан бөлек, көшеге киім жүруге арналған спорттық киімге тапсырыс бердік. Бұл – аз уақыт ішіндегі жұмыстарымыз. Арасында өзенге шомылуға барып, таза ауада демалып, кейбір балалардың туған күнін атап өтеміз. Жалпы айтқанда, қазір футбол командасы ғана емес, бір отбасына айналдық, – деп бөлісті Бекжан Базарбайұлы.

Біз де алдағы уақытта талашшыл әрі ізденімпаз аяқдоп шеберлерін назардан тыс қалдырмауға тырысамыз.

• ФЕСТИВАЛЬ

# Әкім кубогы – Астанада

Халықаралық жастар күніне орай және Қарағанды қаласының 90 жылдық мерейтойы аясында №2 Оқушылар сарайында Қарағанды қаласы әкімінің кубогына арналған «Jaidatman» фестивалі өтті.

Фестивальге барлығы 10 команда қатысып, өнерін ортаға салды. Ал, ойынның жүлде қоры миллион теңгені құрады. Әкім кубогына қызу дайындық байқалды.

Бұл ойынға тек қарағандылық командалар емес, сонымен қатар, Астана, Теміртау қалаларынан да ел көзіне түсіп, жүлдегер атанып жүрген жайдарманшылар келді.

Ең тапқыр және әзілқеш команда ретінде Астана қаласынан келген «SEIFULLIN» құрамасы – бас жүлде иегері атанды. Бірінші орынды теміртаулық «Ғарыш», екінші орынды «Қардеш» және үшінші орынды қарағандылық «Ерекше» командасы еншіледі.

– Біз екі жыл бұрын құрылдық. Ойын барысында ешқандай мәселе болған жоқ. Қарағанды қаласы туралы жаңалықтарды іздеп, солардың негізінде әзілдер ойлап таптық. Ойын өте тартысты өтті. Біз бас жүлде иегері атандық, – деді «SEIFULLIN» тобының мүшесі Нұрболат Тұрдыбай.

Ойын жөнінде үшінші орын



алған «Ерекше» командасының капитаны Алданыш Әнуарбекұлы өз ойымен бөлісті.

– Біздің «Ерекше» командамыз 2017 жылы құрылған. 2023 жылы Қарағанды облысының «Jaidatman» суперлигасының чемпионы атандық. Үздік болмасақта, көшбасшылар үштігіне ендік, – дейді «Ерекше» командасының капитаны Алданыш Әнуарбекұлы.

Сондай-ақ, «Үздік ойыншылар» анықталды. Бұл атақ қарағандылық «Тіфа-тіфа» және «Айналайын» командаларынан Қайрат Біләлов пен Айкүнім Серіковаға

бұйырды.

Ойын басында командалар көрермендерге сұрақ қойып, түрлі сыйлықтар берілді. Ал, соңында оза шапқан барлық командаға ақшалай жүлде табысталды.

**Аружан СЕРІКБАЙ, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті журналистика бөлімінің III курс студенті**

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары – **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор – **Е.К. МҮСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары – **К.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-35-37  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркелген өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VRY00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 үй.  
**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

QR code

Газет жеткізілімесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,  
БИК KZJWBZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 185

№ 91 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**  
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор **Аяулым СОВЕТ**